

«Гүлдәурен-7» бөбекжай-бақшасы

П

Ойын іс – әрекет
Тақырыбы: "Сыиқырлы алақандар"



Педагог-психолог:

Тақырыбы: Сиқырлы алақандар

Максаты: сурет салудың дәстүрден тыс (айнамен) әдісін түсіндіру;
бойларындағы жақсы қасиеттерін және отбасы мүшелеріне деген
қамқорлық, жанашыр сезімдерін дамыту; жақсылық жасай білуге тәрбиелеу.
Құралдар: қағаздар, түрлі – түсті қарындаштар, айналар.

Шаттық шеңбері:

Ашық менің жүрегім,
Ылғи күліп жүремін.
Бірге ойнап бір жүрер,
Достарым көп, білемін!

Әңгілмелесу.

- Сендер үйлерінде жақындарына қалай көмектесесіңдер?
- Жақсылық барлығы отбасынан басталады, себебі біз үйде бір – бірімізге көмектесеміз. Олай болса «Мен – жақсы баламын» ойынын ойнайық!

Ойын: «Мен –жақсы баламын!»

Ойын шарты: бала айнаға қарсы отырады; өз бейнесін айнаға қарап, бақылап әңгімелейді;

Ойын «Мен –жақсы баламын!» деп аталады.

Айна арқылы сурет салу әдісі: өз бейнесіне қарап, қағаз бетінде бейнелейді.

Саусақ жаттығуы:

- 1.Шынжыр. Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.
2. Піл: оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, баланүйрек саусақ пен шылдыр шүмек саусақ алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы.
3. Доп: алақандар бір-бірімен жабысады. (доп пішінін жасайды).
- 4.Гүл: қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады. Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады.
Саусақтар шынжыр болады,
Үзілмейді тартсаң да,
Ал, піл келіп шынжырды,
Үзіп кетті басқанда.
Тұмсығымен доп іздеп,
Ойнағысы келіп тұр.
Достық үшін пілге мен,
Гүл сыйлағым келіп тұр.
Балалар өз еркімен сурет салады, ал тәрбиеші кейбір балаға көмектеседі.

Рефлексия:

- Жақсы бала болу үшін қандай қасиеттер қажет екен?
- Балалар, біз суретті қалай салдық?
- «Жақсы бала» деген атыңа лайық болу үшін біз әдепті, қамқор, адал, шыншыл, көмек көрсетуге дайын болуымыз керек. Сендер жақсы қасиеттеріңмен сыйлы, сүйкімді боласындар.

Хаттама

Қатысушылар: 4

Күні: 14.11.2024ж

Қатысқандар: 4

Қатыспағандар: 0

Тақырыбы: «Сиқырлы алақандар»

Мақсаты: сурет салудың дәстүрден тыс (айнамен) әдісін түсіндіру; бойларындағы жақсы қасиеттерін және отбасы мүшелеріне деген қамқорлық, жанашыр сезімдерін дамыту; жақсылық жасай білуге тәрбиелеу.

Ойын іс - әрекет кезінде шаттық шеңбері орындалды. Балалар шеңберге тұрып іс - қимылмен қайталап орындады.

Ашық менің жүрегім,

Ылғи күліп жүремін.

Бірге ойнап бір жүрер,

Достарым көп, білемін!

«Мен –жақсы баламын!» ойыны ойнатылды. Ойынның шарты: бала айнаға қарсы отырады; өз бейнесін айнаға қарап, бақылап әңгімелейді;

Келесі ойын «Мен –жақсы баламын!» ойын шарты түсіндірілді, балалар айна арқылы өз бейнесіне қарап, қағаз бетінде бейнеледі.

Саусақ жаттығуы:

1.Шынжыр. Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.

2. Піл: оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, баланүйрек саусақ пен шылдыр шүмек саусақ алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы.

3. Доп: алақандар бір-бірімен жабысады. (доп пішінін жасайды).

4.Гүл: қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады. Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады.

Саусақтар шынжыр болады,

Үзілмейді тартсаң да,

Ал, піл келіп шынжырды,

Үзіп кетті басқанда.

Тұмсығымен доп іздеп,

Ойнағысы келіп тұр.

Достық үшін пілге мен,

Гүл сыйлағым келіп тұр.

Қорытындысы:

Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалармен педагог-психолог Усенова Гулназ «Сықырлы алақандар» ойын іс – әрекетін жүргізді. Балалар ойындарға жақсы қатысып, сұрақтарға белсене жауап берді.